

"Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12105 болып тіркелді

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу тәртібін жетілдіру, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу мақсатында, «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 санымен тіркелген, 2014 жылғы 21 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

аталған бұйрықпен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларында :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидада келесі ұғымдар қолданылады:

1) ақпаратты есепке алу кітабы (бұдан әрі - АЕК) – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді қоса қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат енетін автоматтандырылған ақпараттық деректер базасы;

2) қайта жасалған арыз және хабар – бір реттен аса сол бір қылмыстық құқық бұзушылық бойынша бірнеше рет жүгіну;

3) қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат – белгіленбеген тұлғаның хабарын , сондай-ақ ҚР ҚПК 180-бабының бірінші бөлігінде аталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептерін, ҚР ҚПК 181-бабының 5-бөлігінде көрсетілген арыздар мен хабарларды қоса алғандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау мүмкіндігі туралы шешімді қабылдау қажеттілігі бар ақпарат;

4) қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты есепке алу – АЕК-ке осы тармақтың 8)-тармақшасында көрсетілген себептерді осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес «АЕК-дегі есепке алу» К-1 нысаны бойынша (бұдан әрі - К-1 нысаны), сонымен қатар осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес, «АЕК бойынша шешім» К-2 нысаны бойынша, осы Қағиданың 12 және 14-тармақтарына сәйкес оның шешілу нәтижелері туралы мәліметті (бұдан әрі - К-2 нысаны) қоса қылмыстық құқық бұзушылық туралы а қ п а р а т т ы б е к і т у ;

5) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды және ақпаратты қабылдау – қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдарының ҚР ҚПК 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық туралы өзге ақпаратты міндетті түрде қабылдауы;

6) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі - СДТБТ) – ҚР ҚПК 180-бабының бірінші бөлігінде аталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері, олар бойынша қабылданған процестік шешімдері, жүргізілген әрекеттер, қылмыстық іс жүргізудің жылжуы, қылмыстық процестің арыз иелері мен қатысушылары туралы мәліметтер енетін автоматтандырылған деректер базасы;

7) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды тіркеу – осы тармақтың 8))-тармақшасында көрсетілген себептерді СДТБТ-да тіркеу;

8) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері – арыз, кінәсін мойындап келу, хабар, ҚР ҚПК 181-184 баптарының талаптарына сәйкес рәсімделген, ҚР ҚПК 180-бабының бірінші бөлігінде аталған қылмыстық құқық бұзушылық туралы баянат;

9) құқықтық өкілетті адам – қылмыстық қудалау органы кезекші бөлімінің қызметкері, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдауға және есепке алуға жауапты лауазымды адам;

10) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары ;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық с и м в о л д а р ж и ы н т ы ғ ы ;

12) электрондық ақпараттық есепке алу құжаты (нысан) – оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптасатын белгіленген үлгідегі құқықтық статистикалық ақпараттың жеткізгіші;

13) хабар-ошарсыз кеткен адам (хабар-ошарсыз жоғалған адам) – кенеттен, қандай да бір себепсіз жоғалып кеткен, орналасқан жері белгісіз және оған қатысты оны іздеу туралы арыз, хабар келіп түскен адам;

14) туыстарымен байланысын жоғалтқан адам – әртүрлі себептерге байланысты туыстарымен қандай да бір қарым-қатынас жасамайтын және өзінің орналасқан жері

туралы мәліметтерді хабарламайтын, оған қатысты іздестіру туралы шағым келіп
т ү с к е н а д а м ;

15) иесі бүркемеленген өтініш – ол бойынша авторын белгілеу мүмкін емес, арыз
берушінің қолтаңбасы, оның ішінде электронды цифрлық қолтаңбасы, пошталық
м е к е н ж а й ы ж о қ ө т і н і ш ;

16) жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық – ҚР ҚПК 180-бабында көзделген
сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептерінің болуына қарамастан, ол бойынша
СДТБТ-да оны тіркеуге шаралар қабылданбаған қылмыстық теріс қылық немесе
қ ы л м ы с . » ;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері мен бөлімшелері арасында
өкілеттіктерді жіктеу және олардың қызметін қылмыстық құқық бұзушылық туралы
арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу бойынша ұйымдастыру, сонымен қатар
СДТБТ-да жүргізу құқық қорғау және арнайы органдар басшыларының нормативтік
қ ұ қ ы қ т ы қ а к т і л е р і м е н б е л г і л е н е д і .

5. Қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары кез келген қылмыстық
құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдайды. Кезкеші бөлімдер қабылдауды
т ә у л і к б о й ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

СДТБТ-на қолжетімділігі бар лауазымды адамдар қылмыстық құқық бұзушылық
туралы ақпаратты қабылдағаннан кейін оны АЕК-на бекітуді жүргізеді.

СДТБТ-на қолжетімділік болмаған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы
ақпаратты қабылдаған лауазымды адам байланыс құралдарын пайдалана отырып
құқықтық өкілетті адамға хабарлайды, ал ол алынған хабарлама негізінде АЕК-де
бекітуді жүзеге асырады және осы Ереженің 3-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша
б а я н а т ж а с а й д ы .

Жедел-ізвестіру қызметінің барысында «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994
жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексерілгеннен
кейін, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтау кезінде арнайы
жедел-ізвестіру іс-шаралары қолданыла отырып алынған мәліметтер ҚПК 184-бабының
1-бөлігі 2)-тармағының талаптарына сәйкес лауазымды адамның баяндамасы бойынша
т і р к е л у і т и і с .

Байланыс арналары арқылы келіп түскен бүркемеленген өтініштер, соның ішінде
белгісіз адамдардың хабарлары АЕК-де бекітіледі және ондағы қылмыстық құқық
бұзушылық туралы мәліметтер ҚПК-нің 184-бабының 1-бөлігі 2)-тармағының
талаптарына сәйкес, тек лауазымды адамның баянаты бойынша расталған жағдайда
ғ а н а С Д Т Б Т - д а т і р к е л у і м ү м к і н .

Қылмыстық қудалау органдары анықтаған әкімшілік құқық бұзушылықтар және
тәртіптік теріс қылықтар АЕК-де бекітуге жатпайды.»;

5-1, 5-2 тармақтар алынып тасталсын;
8, 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Прокуратура органының басшысы, тергеу бөлімінің немесе анықтау органының жауапты бастығы ҚР ҚПК-мен белгіленген құзыретке сәйкес, сондай-ақ құқықтық өкілетті лауазымды адам осы Қағиданың 12)-15)-тармақтарының талаптарын орындау үшін және сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін жүзеге асыру үшін тергеушілерге, анықтаушыларға, прокурорларға, сондай-ақ өзге де лауазымды адамдарға қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпараттың дереу берілуін қамтамасыз етеді.

АЕК-де бекітілген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат осы Қағидада көзделген шешімдерді қабылдай отырып, 24 сағат ішінде қарауға жатады.

АЕК-де бекітілген туыстарымен байланысын жоғалтқан адамды іздестіру туралы арыз СДТБТ-де тіркелуге жатпайды.

9. Жасалған, дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар арызданушы тікелей жүгінген (өзі келген) кезде, осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес, арызға толықтыру – осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес қабылданады.

Ауызша арызды қабылдау жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арыз қабылдау туралы хаттамамен осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

Бұл талап телекоммуникациялық және электрондық байланыс құралдары, сонымен қатар пошта байланысы және жүгінулерге арналған жәшіктер арқылы келіп түскен арыздарға, хабарларға қолданылмайды.

Аталған жағдайларда, арызды үлгілер бойынша толтыру қылмыстық қудалау органы қызметкерінің арызданушыға тікелей келуімен, ал кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда – шұғыл тергеу әрекеттері жүргізілгеннен кейін іске асырылады.» ;

12, 13, 13-1, 14, 14-1, 14-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Осы Қағиданың 9-11-тармақтарында көрсетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептерін олардың құзыреттеріне сәйкес аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүргізу тапсырылған тергеушілер, анықтаушылар, прокурорлар, құқықтық өкілетті адам сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары СДТБТ-ға дереу тіркеулері қажет.

13. Тергеушілер, анықтаушылар және прокурорлар, құқықтық өкілетті адамдар сонымен қатар аталған ақпаратты қарау тапсырылған өзге лауазымды адамдар осы Қағиданың 9-11-тармақтарында көрсетілген себептерді қоспағанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты алған кезде дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей осы Қағиданың 9, 10-тармақтарының талаптарын сақтаумен қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны қабылдайды және оларды осы Қағиданың 12-тармағына сәйкес СДТБТ-ға тіркейді.

13-1. АЕК-нда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат бекітілгеннен кейін,

АЕК-нда бұрын тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұқсас ақпарат белгіленген жағдайда, ол алғашқы тіркелгенге қосу үшін лауазымды адамға немесе о р г а н ғ а б е р і л е д і .

Егер АЕК-нда тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұқсас ақпарат бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған жағдайда, ол СДТБТ-нде тіркелусіз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қосылады.

14. Егер АЕК-нда бекітілген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат ҚР ҚПК 180-бабының 1-бөлігінде көрсетілген себептерге сәйкес келмеген жағдайда, осы Қағиданың 8-тармағы екінші бөлігінде көзделген мерзімде мынадай шешімнің біреуі қ а б ы л д а н а д ы :

1) лауазымды адамның баянаты негізінде, қылмыстық қудалау органы басшысының немесе оның орынбасарының келісімімен қараусыз қалдырылады және номенклатуралық істе растаушы құжаттармен бірге (нарядта) сақталады;

2) ҚР ҚПК 181-бабының 5-бөлігінде көрсетілген жағдайларда, тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жолданады, осындай ақпарат бойынша материалдар қайтарылған жағдайларда, олар шешім қабылдана отырып АЕК-нда б е к і т і л е д і ;

3) басқа негіздер болған кезде, әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолданады;

4) егер ақпаратты қарау өзге қылмыстық қудалау органының құзыретіне жататын болса, аумақтық тиесілігіне немесе ішкі ведомстволығына қарай жіберу туралы;

5) АЕК-на немесе СДТБТ-не қосу туралы;

6) басқа негіздер болған кезде, әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолданады;

7) заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға қатысты дәлелдерін растайтын құжаттар мен материалдарсыз азаматтық-құқықтық сипаттағы мәмілелер қорытындыларында негізделген арызы СДТБТ-де тіркелмей, ҚПК-нің 181 бабы 3-бөлігінің талаптарына сәйкес келтіру үшін қайтарылуға жатады.

Қабылданған шешім туралы арыз авторына жазбаша жауап беріледі.

14-1. Қылмыстық қудалау органына келіп түскен және АЕК-да тіркелген, қылмыстық қудалауы жеке тәртіпте жүзеге асырылатын мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама қолда бар материалдармен бірге соттылығына қарай СДТБТ-де тіркелусіз тиісті сотқа жіберуге жатады.

Егер, ҚПК 179-бабы үшінші бөлігі ережелеріне байланысты жәбірленуші адамды қылмыстық жауапқа тарту туралы шағымдануынан бас тартатын жағдай болса, онда лауазымды адам осы Қағиданың 14-тармағы 1)-тармақшасында көзделген шешімді қ а б ы л д а й д ы .

14-2. ҚР ҚПК 179-бабы 6-бөлігіне сәйкес, қылмыстық қудалауы жеке тәртіпте жүзеге асырылатын мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама бойынша, сондай-ақ

әкімшілік құқық бұзушылық белгілері туралы мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама бойынша шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу оларды соттылығына қарай немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік органға не лауазымды тұлғаға жіберуге, сонымен қатар осы Қағиданың 14-тармағы 1)-тармақшасына сәйкес шешім қабылдауға кедергі болмайды.» ;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Себепті СДТБТ-де тікелей бекіту мүмкіндігі болмаған жағдайда осы Қағиданың 4-тармағында көрсетілген лауазымды адам байланыс құралдарын пайдалану арқылы қылмыстық қудалау органының қабылдау мен есепке алуға жауапты адамын хабарландырады, ол алынған хабарландырудың негізінде осы Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес СДТБТ-де тіркеу туралы баянат дайындайды.

Қылмыстық қудалау органына келу бойынша лауазымды адам себепті тіркеген уәкілетті адамнан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеу туралы баянатты алады және белгіленген тәртіпке сәйкес СДТБТ-ға қосымша мәліметтер енгізеді.»;

20, 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. СДТБТ-ні жүргізу шешім қабылдаған лауазымды адамның уәкілетті органға Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы арқылы берілетін «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылатын қылмыстық өндіріс бойынша әрбір әрекетке және шешімге электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі - нысан) сәйкесті деректемелерін т о л т ы р а д ы .

Ақпаратты енгізу барысында осы Қағиданың 34 және 35-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылықтың толық сипаттамасы және одан әрі шешімді қабылдау негіздемелері көрсетіледі.

21. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты тіркеу осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес «СДТБТ-де тіркеу» Е-1 нысанында (бұдан әрі – Е-1 нысаны) толтыру арқылы жүзеге асырылады, оны сақтағаннан кейін қылмыстық өндіріске автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі.»;

келесі мазмұнды 21-1-тармақпен толықтырылсын:

«21-1. Жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық анықталған кезде, лауазымды адам осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес міндетті түрде 6, 6.1 және 6.2 деректемелерін белгілей отырып Е-1 нысанын толтыру арқылы оның СДТБТ-де тіркелуіне қатысты дереу шаралар қабылдайды. Егер қылмыстық құқық бұзушылық осыған дейін АЕК-нда бекітілмеген немесе оны прокурор анықтамаған болса, онда алдын-ала осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес К-1 және осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес К-2 нысандары қойылады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық осы Қағиданың 14-тармағында көзделген шешімдерді негізсіз қабылдау арқылы жасырылған болса, онда осы Қағиданың 2-

қосымшасына сәйкес К-2 нысанындағы мәліметтерді түзету жүзеге асырылады.

Негізсіз есептен шығарылған тіркелмеген қылмыстық құқық бұзушылық материалдары номенклатуралық істен алынады.

Уәкілетті лауазымды адам қылмыстық қудалау органының өкілімен бірлесіп жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық материалдарын номенклатуралық істен алып тастау туралы актіні құрады, оның бір данасы номенклатуралық істе сақталады.

Актіде арыздың немесе хабардың СДТБТ-де тіркелу қажеттілігі туралы мәліметтер, ал тіркеуден кейін тіркеу нөмірі мен күні көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кейіннен ҚР ҚПК 35-бабы 1 бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8)-тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған немесе сот ақтау үкімін шығарған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық жасырылған деп е с е п т е л м е й д і . » ;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Қоғамдық орындарда және көшеде жасалғандар ретінде есепке алуға жатпайды :

1) құқық бұзушылықты жасау сәтінде өз қызметін орындамайтын қоғамдық мәндегі объектілерде жасалған құқық бұзушылықтар;

2) еңбек ететін ұжымдар жұмыс үшін пайдаланатын және күзетілетін автотұрақтардағы рұқсатнама режимдері бар объектілерде жасалған құқық б ұ з у ш ы л ы қ т а р ;

3) ұйымдардың, мекемелердің, сауда және ойын-сауық мекемелерінің қосалқы орынжайларында, киім гардеробтарында, соның ішінде оқу және өзге мекемелердің спорт залдарының киім шешетін орындарында және қызметтік кабинеттерде жасалған қ ұ қ ы қ б ұ з у ш ы л ы қ т а р ;

4) таксиде жасалған құқық бұзушылықтар;

5) қоршауының болуынан тәуелсіз қараусыз қалған ғимараттар территориясында, жерасты коммуникацияларда, жергілікті жарақталмаған учаскелерде – бос алаңда, көше мен жағажай жағалауынан басқа өзен жағалауында, қандай да бір инфрақұрылым объектілерінсіз автожол учаскелерінде жасалған құқық бұзушылықтар;

6) пәтердегі ұрлық және жатақханалардың, қонақ үйлердің, демалыс үйлерінің орынжайларында, жолаушылар болмаған жағдайда аралықтарда тұрған жолаушылар пойыздарының вагондарда, жолайрықтарда, тұйықтар мен тұрақ саябақтарында жасалған басқа құқық бұзушылықтар;

7) коммуналдық пәтерлердің жаппай пайдалану орындарында, шатырларда, жертөлелерде, лифтілерде жасалған құқық бұзушылықтар, бұзақылықтан басқа;

8) созылмалы құқық бұзушылықтар;

9) жол-көлік құқық бұзушылықтары.»;

33-тармақ мынадай редакцияда жасалсын:

«33. Соттан жариялық немесе жеке-жариялық тәртіпте аңдылатын қылмыстық

құқық бұзушылық белгісін анықтаумен байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өткізу туралы мәселені шешу үшін тергеу бойынша істі жолдау туралы қаулы келіп түскен жағдайда прокурор бір уақытта СДТБТ-де бұрын жүргізілген тіркеудің болуын тексерумен СДТБТ-не келіп түскен материалдарды тіркейді.

Осы дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тіркелуі болмаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін шаралар қабылданады.

Осы дерек бойынша СДТБТ-де сотқа дейінгі тергеудің тіркелуі болған кезде материалдар осы Қағиданың 17-тармағына сәйкес бұрын тіркелген сотқа дейінгі тергеуге қ а т ы с т ы р ы л а д ы .

Осы дерек бойынша бұрын тоқтатылған СДТБТ-ға сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тіркелуі болған кезде бұрын қабылданған процестік шешімін жою туралы мәселе ш е ш і л е д і . » ;

35-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35-1. Хабар-ошарсыз жоғалған адамды іздестіру туралы келіп түскен арыз және хабарлама дереу СДТБТ-де тіркелуге жатады, «қылмысты саралау» деректемесін толтыру кезінде, өзге қылмыс белгілеріне нұсқайтын жағдайлар болмағанда «000» к о д ы қ о й ы л а д ы .

Криминалдық сипаттағы өлімнің анық белгілерінсіз мәйіттің табылу дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруі басталғанда, «қылмысты саралау» деректемесін толтыру кезінде, егер өзге қылмыс белгілеріне нұсқайтын жағдаяттар болмаса, өлім себебін белгілегенге дейін «001» коды қойылады.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жоғарыда көрсетілген деректер бойынша криминалдық сипаттағы белгілер анықталса, қылмыстың саралауы «СДТБТ бойынша шешім» Е-2 нысанында осы Қағиданың 12-қосымшасына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықты саралаудан шығатын тиісті деректемелерді көрсету арқылы қылмыстық істі жүргізетін лауазымды адаммен анықталады.»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Келтірілген, өтелген залал сомасы әрбір жеке қылмыстық құқық бұзушылық бойынша, СДТБТ-де тіркеу, тоқтату немесе айыптау актісімен, қылмыстық теріс қылық жасау туралы хаттамамен немесе процестік келісімімен бірге прокурорға жолдау туралы шешім қабылдау кезінде жеке көрсетіледі.»;

42, 43-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

42. СДТБТ-де тіркелген арыздар мен хабарлар бойынша тәртіптік теріс қылықтың, әкімшілік құқық бұзушылықтың немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың болуын көрсететін, ол бойынша қылмыстық қудалау жеке тәртіпте жүзеге асырылатын деректерді орнату кезінде, ҚР ҚПК 179-бабы 4 және 5-бөліктерімен көзделген шешімдер ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлігінің 2)-тармағында көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеуді тоқтату туралы процестік шешімін қабылдағаннан кейін қ а б ы л д а н а д ы .

Бұл ретте, жеке айыптау істері бойынша арыздаушыға ҚПК 408-бабы тәртібінде сотқа шағымдану құқығы түсіндіріледі.

43. Прокурордың қол қоюына сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту және СДТБТ-ға тіркелген арыз бен хабарды ҚР ҚПК 186-бабы 2-бөлігі тәртібінде тергеу бойынша беру туралы СДТБТ-не енгізілген нысандар беріледі.

Осындай шешімдерді есепке алу қылмыстық істің прокурорға іс жүзінде келіп түскен сәтінен бастап бес тәулік ішінде нысанға прокурор қол қойғаннан кейін жүргізіледі.» ;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. «Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдікті (айыпталушы) деп танылған адамға қатысты нысан» Л-2 нысаны осы Қағиданың 13-қосымшасына сәйкес, ҚР ҚПК 64-бабының 1-бөлігіне сәйкес адам күдікті деп танылған жағдайда, оған қатысты іс жүргізу шешімі қабылданған, сондай-ақ ҚПК 35-бабы 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарымен және 36-бабымен көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған жағдайларда толтырылады.»;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Прокурордың нысандарға, соның ішінде прокурормен келісілген шешімдер бойынша қол қою уәкілеттілігінің жіктелуін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ҚПК 193-бабы 2-бөлігіне сәйкес анықтайды.

Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі қызмет нәтижелері сәйкесінше осы Қағиданың 15 қосымшасына сәйкес « Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау барысындағы прокурор қызметі туралы нысан» Е-4 нысанын толтыру арқылы белгіленеді»;

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Есірткі құралдарын жою туралы мәлімет сот үкімінің (қаулысының) негізінде, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе прокурормен келісілген ЕПЗ жою туралы қаулы негізінде толтырылады.

Соттағы есірткі құралдарын және басқа да заттай дәлелдемелерді жою туралы деректерді толтыруды уәкілетті органының қызметкері сот мәліметтері негізінде жүзеге асырады, ал қылмыстық қудалау органдағы ақпаратты толтыруды – жою актісі негізінде заттай дәлелдерді сақтауға жауапты лауазымды адам жүзеге асырады.»;

57, 58-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«57. Қалған нысандар бойынша мәліметтер шешім қабылданған сәттен бастап 24 сағат ішінде, ал қылмыстық істі прокурорға немесе сотқа жолдау қажет болған жағдайда іс жүзінде жолданғаннан кейін енгізіледі.

58. СДТБТ-не енгізілген ақпараттың қылмыстық өндіріс материалдарына сәйкес келмеу дерегі анықталған жағдайда анықталған бұзушылықтарды нысандардағы мәліметтерді түзету арқылы жою бойынша шаралар қабылданады.

Нысандардағы мәліметтерді түзету осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес К-1

нысанындағы және осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес К-2 нысанындағы, 1-ден 5-ке дейінгі деректемелерінде, сондай-ақ, осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес Е-1 нысанындағы арыз беруші туралы мәліметтегі түзетулерді қоспағанда осы нысанға бұрын енгізілген деректердің өзгерулері болып табылады.

СДТБТ-не енгізілген деректерді түзету уәкілетті органға растайтын процестік құжаттармен бірге тікелей жіберілетін бастамашылардың қолдаухаттары, сондай-ақ уәкілетті органның басшысымен келісілген уәкілетті прокурордың баянаты бойынша жүзеге асырылады және бұл туралы мәліметтері түзетілген органға дереу хабарланады.

Қадағалаушы прокурордың қолдаухаты бойынша деректер түзетілгеннен кейін, көрсетілген мәліметтер кейіннен қылмыстық қудалау органының қолдаухаты бойынша тек прокурормен келісіле отырып өзгертілуі мүмкін.

Есепті мерзімде енгізілген «Қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға жәрдемдесетін күштер және құралдар» деректемесі растау құжаттарынсыз, тергеу органының қолдаухаты бойынша ол келіп түскен сәттен бастап 24-сағат ішінде, ал қолдаухат есепті мерзімнің соңғы күні келіп түскен кезде сол күні редакцияланады.»;

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«68. Сотқа дейінгі тергеудің тіркеу нөмірі осы Қағиданың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптасады.

Ақпараттық жүйеге қол жеткізімділіктің болмауына әкеп соққан туындаған штаттан тыс жағдай туралы тиісті акті осы Қағиданың 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрастырылады, онда қылмыстық құқық бұзушылық туралы қабылданған арыздар мен хабарламалардың және ақпараттық жүйеге қолжетімділік болмаған мерзімде тіркелген басталған сотқа дейінгі тергеулердің себептері, ұзақтығы, саны мен тізімі бейнеленеді.

Тіркеуге жауапты лауазымды адам ақпараттық жүйеге қол жетімділік болмаған жағдайда, осы Қағиданың 11-17-қосымшаларына сәйкес қағаз нұсқаларын толтырады және оқыс жағдай туралы актімен бірге 24 сағат ішінде мәліметтерді ақпараттық жүйеге енгізу үшін ілеспе хатпен уәкілетті органға ұсынады.

Уәкілетті органның қызметкері қағаз нұсқасында ұсынылған мәліметтерді олардың келіп түскен кезінен бастап 24 сағаттан кешіктірмей тіркеу нөмірлерін сақтай отырып ақпараттық жүйеге енгізеді.

1, 3, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 20-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

осы бұйрықтың 11-қосымшасына сәйкес 21-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді

баспа басылымдарында және «Әділет» нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналасуын;

4) осы бұйрықтың мүдделі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, сонымен қатар Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

2015 жылғы 10 тамыздағы

№ 99 бұйрығына 1-қосымша

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы

арыздар мен хабарларды қабылдау

және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі

тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін

жүргізу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

К-1 нысаны

АЕК-нда тіркеу

1.	АЕК нөмірі	_____	Қабылдау күні мен уақыты	_____
2.	Тіркеу органы	_____		_____
3.	Жасалу ауданы (гарнизонда, көлікте)	_____		_____
3.1	Әскери бөлім нөмірі	_____		_____
4.	Талон нөмірі	_____	Талон күні	_____
5.	Оқиғаның сипаттамасы			
Құқық бұзушылықтың мән-жайы				
Арызданушы туралы мәлімет				
6. Хабар түрі: жеке адамның жазбаша арызы (01), жеке адамның ауызша арызы (02), органның/ұйымның лауазымды тұлғас хабары (03), өз кінәсін мойындап келу (04), бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар (06), лауазымды адамның баянаты Жедел басқару орталығының (бұдан әрі – ЖБО) хабары (08), анықталмаған адамның арызы (09), лауазымды адамның ба баянаты (ЖІҚ барысында қызметкермен анықталды)				
7.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)	_____		_____
7.1.	Ұйымның атауы	_____		_____
8.	ЖБО атауы	_____		_____
8.1.	ЖБО тіркеу нөмірі	_____	ЖБО-да тіркеу күні мен уақыты	_____
8.2.	ЖБО қызметкерінің лауазымы	_____		_____
8.3.	ЖБО қызметкерінің тегі	_____		_____
9.	Жеке сәйкестендіру нөмірі	_____		_____
9.1.	Тегі	_____	9.2 Аты	_____
			9.3 Әкесінің аты (бар болған жағда	_____
9.4.	Туған күні	_____		_____

10. Республика _____ Мекен - жа
 Аудан _____ Облыс _____
 Көше _____ Үй _____ Елді-мекен _____ Корпус _____ Пәтер _____
 11. Телефон _____ Ұялы телефон _____ e-mail _____

12. Аумақтық тиесілігі (ішкі ведомстволығы) бойынша түскен арыздар мен хаб
 12.1. Арыздар мен хабарлар келіп түскен қылмыстық қудалау ор
 12.2. Шығыс нөмірі № _____ 20 жылғы «__» _____
 12.3. АЕК-да тіркелген нөмірі _____ 20 жылғы «__» _____

Қосымша ақпарат _____

13. Ескертпе _____
 Ескертпе сипаттамсы _____

14. Лауазымды адам (кімге _____) тапсыры.
 Есепке алу күні _____ Түзету енгізілген күні _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Б а с П р о к у р о р ы н ы ң
 2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 0 т а м ы з д а ғ ы
 № 99 бұйрығына 2-қосымша
 Қылмыстық құқық бұзушылық туралы
 арыздар мен хабарларды қабылдау
 және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі
 тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін
 жүргізу қағидаларына 4-қосымша
 Нысан

Талон-хабарлама

ТАЛОН-ХАБАРЛАМА (түбіртек) ТАЛОН-УВЕДОМЛЕНИЕ (корешок) /___/___/___/___/___/___/___/___/___/	ТАЛОН-ХАБАРЛАМА (жыртылмалы) _____ та.
(карточканың саны\номер карточки) Арыз\заявление, хабар\сообщение	ТАЛОН-УВЕДОМЛЕНИЕ (отрывной) _____ тал
(арызданушының аты-жөні \фамилия, инициалы заявителя)	/___/___/___/___/___/___/___/___/___/_____ (карточканың саны\номер карточканың Арыз \ заявление, хабар\сообщение)
(мекеме атауы \ наименование организации) қабылданды\принято. Арыздың, хабардың қысқаша мазмұны\краткое содержание заявлений, сообщений	(арызданушының аты-жөні \фамилия, инициалы заявитель _____ (мекеме атауы\наименование организации) қабылданды _____ Қабылдаған\принял _____ (лауазымы, аты-жөні\ должность, фамилия и инициалы)

Ақпаратты есепке алу кітабындағы/Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеу жазбасының нөмірі мен күні\номер и дата регистрационной записи в Книге учета информации/ Едином реестре досудебных расследований «__» ____ 20__ жылы\года Арызды, хабарды қабылдаған қызметкердің лауазымы, аты-жөні, қолы \должность, Ф.И.О., подпись сотрудника, принявшего заявление, сообщение

(орган атауы, мекенжайы және қызметтік телефоны \наименование органа, адрес и служебный телефон) _____ Ескерту \примечание: Арыз, хабар бойынша шешім қылмыстық-процессуалдық заң белгіленген мерзімде қабылданатын болады\решение по заявлению будет принято в сроки, установленные уголовно-процессуальным законом «__» ____ 20__ ж г о д а

(қолы \подпись) Талон-хабарламаны қабылдаушының қолы\подпись получившего талон-уведомление «__» ____ «__» ____ 20__ жылы\года Интернет желісінің мекен жайы: http:\\service.pravstat.kz Адрес интернет ресурса: http:\\service.pravstat.kz SMS бойынша хабарласу 1012 телефон нөмірі арқылы 1012 номер телефона SMS сообщения Телефон бойынша 8 800-080-7777 нөмірі арқылы Со стационарного телефона по номеру 8 800-080-7777 Ұялы телефон бойынша 1414 нөмірі арқылы С мобильного телефона по номеру 1414 Арызды қабылдаған қылмыстық қудалау органның телефон нөмірі _____ Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления: _____

(қолы \подпись) Интернет желісінің мекен жайы: http:\\service.pravstat.kz Адрес интернет ресурса: http:\\service.pravstat.kz SMS бойынша хабарласу телефон нөмірі арқылы 1012 номер телефона SMS сообщения Телефон бойынша 8 800-080-7777 нөмірі арқылы Со стационарного телефона по номеру 8 800-080-7777 Ұялы телефон бойынша 1414 нөмірі арқылы С мобильного телефона по номеру 1414 Арызды қабылдаған қылмыстық қудалау органның телефон нөмірі _____ Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления: _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Б а с П р о к у р о р ы н ы ң
 2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 0 т а м ы з д а ғ ы
 № 99 бұйрығына 3-қосымша
 Қылмыстық құқық бұзушылық туралы
 арыздар мен хабарларды қабылдау
 және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі
 тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін
 жүргізу қағидаларына 11-қосымша
 Нысан
 Е-1 нысаны

СДТБТ-нде тіркеу

1. СДТБТ нөмірі _____
 Тіркеу күні, уақыты _____
 Шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізудің күні мен уақыты _____

2. Тіркеу органы _____
3. Жасалу ауданы (гарнизонда, көлікте) _____
3.1 Әскери бөлім нөмірі _____
4. АЕК нөмірі _____ АЕК күні « ____ » _____
5. СДТБТ-нен бөлінді № _____

Мыналарға қатысты: ҚР ҚПК 44-бабы 3-бөлігі тәртібіндегі қылмыстық құқық бұзушылыққа (қылмысқа) қатысты (01) ҚР ҚК -бабы 1-бөлігі тәртібіндегі адамға қатысты

6. Мынадай жолмен жасырылды: тіркемеу (01), негізсіз қараусыз қалдыру және негізсіз номенклатуралық істе (нарядта) са (02), ҚР ҚПК 181-бабы 5-бөлігіне сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға негізсіз жолдау (03), ат мәселені қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға негізсіз жолдау (04), негізсіз қоса тіркеу (05), жеке айыптау істері бойы сотқа негізсіз жолдау (06), іс жүзінде берусіз тергеуге алынғандығына (аумақтық тиесілігіне) қарай беру жолымен (07), қылмыстық құқық бұзушылыққа тән белгілерін иеленуші материалды бөлек өндіріске шығармау (08), қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар болған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке негізсіз тарту
6.1 Есепке алуан жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықты анықтады: Құқықтық статистика және арнайы есепке комитеті басқармасының қызметкері (1), прокурор (2), сот (3), ведомстволық жолмен
6.2 Қылмыстық құқық бұзушылықты (қылмысты) жасырған орган _____

7. Бірлескен жұмыс нәтижесінде анықтады: арнайы прокурор (01), Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - ҰҚК) (02), шекара қызметі (03), ҰҚК, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган (04), Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ИМ) (05), ҚМ министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі - ҚМ МКК) (06), Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқор қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі - МҚСЖҚІА) (07), Мемлекеттік күзет қызметі (бұдан әрі - МКК)

8. Мынадай нәтижелер бойынша тіркелді: әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау желісі бойынша тексе (01), мемлекеттік органмен өз қызметкеріне қатысты жүргізілген тексерулер

9. Жасалған күні _____ жасалған уақыты _____

9.1 Қылмыс/теріс қылық сипаттамасы

Қылмыс/теріс қылық мән-жайы

10. Қылмыстық құқық бұзушылықты (қылмысты) саралау ҚР ҚК _____
ҚР ҚК 11-бабы бойынша: анықталмады (0), ауыр емес (1), орташа (2), ауыр (3), аса ауыр
ҚР ҚК 24-бабы бойынша: дайындалды (1), қастандық жасалды

10.1 Қылмысты саралау 1997 жылғы 16 шілдедегі ҚР ҚК _____

10.2 Құқық қорғау және арнайы органның қызметкеріне қатысты тіркелді: ИМ (013), ИМ қылмыстық-атқару жүйесі коми (009), ИМ Төтенше жағдайлар комитеті (019), ИМ Ұлттық Ұланы (020), ҚР ИМ әскери-тергеу басқармасы (031), ҚМ экономикалық тергеулер қызметі (016), МҚСЖҚІА сотқа дейінгі тергеп-тексеру департаменті (015), ҰҚК (017), ҰҚК ш қызметі (022), МҚК (023), «Сырбар» сыртқы барлау қызметі (038); прокурор (011);

Арыз беруші туралы мәлімет

20. Арыз түрі: жеке адамның жазбаша арызы (01), жеке адамның ауызша арызы (02), органның/ұйымның лауазымды тұлғас хабарламасы (03), өз кінәсін мойындап келу (04) ауызша нысанда өз кінәсін мойындап келу (05), бұқаралық ақт құралдарындағы хабарлар (06), лауазымды тұлғаның баянаты

21. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

21.1 Ұйымның атауы _____

22. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

22.1 Тегі 13.2 Аты 13.3 Әкесінің аты (бар болған жағд: _____

23. Туған күні _____

24. Азаматтығы: Қазақстан Республикасының азаматы (1), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттің аза (2), азаматтығы жоқ адам (3), шетел азаматы (4), оралман (5), шетел азаматының азаматтығы (анықтамалық бойынша) _____

25. Жеке басты куәландыратын құжат: Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты (01), Қазақстан Республи азаматының жеке куәлігі (02), шетел азаматының ҚР-да мекендеу қағазы (03), азаматтығы жоқ адамның куәлігі (04), Қаза Республикасының дипломатиялық төлқұжаты (05), Қазақстан Республикасының қызметтік төлқұжаты (6), босқынның куәлі , теңізшінің жеке куәлігі (08), шетелдік төлқұжат (09), жүргізуші куәлігі (10), қайтуға куәлік (11), жеке куәлік алуға :

келмеген адамның туу туралы куәлігі (12), туу туралы актілік жазба (13), әскери билет (14) басқа құжат
Құжат № _____ беру күні _____
Құжатты берген _____
2 б . _____ М е к е н - ж а й
Республика _____ облыс _____
аудан _____ елді-мекен _____
к ө ш е _____
Ү й _ _ _ _ к о р п у с _ _ _ _ п ә т е р _
27. Телефон _____ ұялы телефон _____ e-mail _____

Құқық бұзушылық туралы мәлімет

28. Қылмыс жасалды: республикалық орталықта (01), облыс орталығында (02), аудан орталығында (03), қалада (04), ас қалашықта (05), ауылда (06), дұрыстау колониясында (07), тәрбиелеу колониясында (08), емдеу-профилактикалық мекемесі (09), әскери бөлігінің аумағында (10), тергеу изоляторларында (11), уақытша ұстау изоляторында (12), қоныс колониясында басқа орындарда (15), мемлекеттік шекарада (16), бірнеше мемлекеттердің аумағында
29. Жасалған орны: көше (алаң) (001), базар (002), теміржол вокзалы (003), теңіз (өзен) вокзалы (004), сапаржай (005) вокзалы (006), метрополитен (059), үйдің (жеке үйлерді қоспағанда) қоршалмаған ауласы (007), саябақ (гүлзар) (008), жағ (009), әуежай (010), перрон (011), су қоймасы (013), орман, ағаш егілген жер (014), өзеннің жағасы (019), өзге де көшелік же (012), алаңқай, жыра (015), жайлау (079), автотұрақ (016), жанар-жағармай құю стансасы (ЖҚС) (017), жеке аула, соның іі қоршалған (018), жылу трассалары (020), канализация (073), зират (өндірістік ғимараттар (075), өнеркәсіптік ғимараттар (076), пәтер (021), үй (022), тұрғын үй кіреберісі (023), лифт бөлігі (шатырдың асты (025), төле (026), қонақүй (027), жатақхана (028), медициналық мекеме (029), демалу үйі (шипажай) (030), с (031), казарма (032), тұрғын үйлердің қосалқы орынжайы (033), сақтау орны (034), вагон (035), контейнер (036), гараж (балабақша (бөбекжай) (038), қора (039), гардероб (041), қойма (043), оқу орны (044), түнгі клуб (046), ломбард (048), бизнесінің объектісі (049), жолаушылар пойызы вагонының тамбуры (050), қызметтік кабинеттер (077), асүйдің қос орынжайлары (078), салынып жатқан немесе тасталып кеткен ғимараттар (080), жерасты коммуникациялары (090), мәдени е (060) , б а с қ а д а о р ы н ж а й л а р ((жеке дүкен (053), әскери сауда мекемесі (054), комиссиялық дүкен (055), буфет (056), дүңгіршек (057), дәмхана (мейрамх 0 5 8) , мемлекетаралық банк (061), мемлекеттік банк (062), акционерлік банк (063), шетелдің қатысуы бар банк (064), жеке банк (акционерлік қоғам (067), еншілес акционерлік банк (069), кәсіпорындар мен мекемелердің қассалары (071), айырбастау орн) кеңсе (081), база (082), дәріхана (083), байланыс бөлімшесі (084), мұражай (085), көрме залы (086), діни ғұрып жіберу орын (087), театр, кинотеатр (088), жоғары оқу орны ((қоғамдық көлік (091), теміржол көлігі (092), әуе көлігі (093), теңіз/өзен көлігі (094), электр көлігі (095), автомобиль көлігі (жеке көлік (097), басқа механикаланған көлік (098), автодаңғыл (трасса) (099), басқа орын
29.1 Қоғамдық орын: қоғамдық орында (1), жұмыс уақытынан тыс мерзімдегі қоғамдық орында
30. Объектіні күзету: мемлекеттік (1), жеке (2), арнайы (3), жоқ (4), ведомстволық (5), ведомстволық емес (6).

31. Жасалу орны: Республика, облыс, аудан, елді-мекен, көше, үй, корпус, пәтер

3 2 . _____ Қ о л с ұ ғ у ш ы л ы қ _____ б ұ й ы
құнды металдар мен бұйымдар (001), оның ішінде: алтын (002), күміс (003), ақ алтын (004), зергерлік бұйымдар (005), қ тастар (006), құнды тастар мен басқа да металдар ((түсті және қара металл (007), оның ішінде: электр жіберу желілерінен (009), қара металл (010), сирек жерлі металл (011), сынап металл (012), қат теледидарлық, телефондық) (013), табиғат ресурстары (014), оның ішінде: мұнай (015), мұнай өнімдері (016), жанар-жағар май материалдары (ЖЖМ) (017), жанармай (018), көмір (табиғи газ (020), орман және орман өнімдері (021), балықтың бағалы тұқымдары (022), сирек жануарлар мен құстар (радиобелсенді материалдар (023), мәдени құндылықтар (024), оның ішінде: әдеби, тарихи құндылықтар (026), антиквариат (027), өнер туындылары (028), құжаттар (029), оның ішінде: төлқұжат (030), жеке куәлік (031), қызметтік куәлік (032), жылжымайтын мүлікке, соның ішінде үйге, пә құжаттар (033), жер учаскесіне құжаттар (034), басқа да құжаттар (

телебейнеаппаратура және басқалар (Соның ішінде: есептеу (компьютерлік) техникасы (037), теле-бейнеаппаратура (038), радиоаппаратура (039), басқа да техника, ұялы телефондар (041), байланыс құралдары (042), медициналық техника (көлік құралдары) (040) оның ішінде: жүк көлік құралдары (044), автомобильдер (045), мотоциклдер (046), мопедтер (047), велосипедтер (048), бас көлік құралдары (040) азық-түлік тауарлары (040) оның ішінде: астық (051), ауыл шаруашылығы өнімдері (052), ет өнімдері (053), балық өнімдері (054), спирттік өнімдер (темекі бұйымдары) (050) өндірістік тауарлар (050) оның ішінде: құрылыс материалдары (058), автобөлшектер (059), ораулар (дөңгелектер) үй құсы, мал (060) оның ішінде: ұсақ үй малы (ешкі, қой) (062), ірі қара мал (жылқы, сиыр) (063), үй құсы дәрі-дәрмектер (060) оның ішінде: есірткі құралдары (066), қатты әсер ететін дәрі-дәрмектер (жүктер) (068) оның ішінде: темір жол көлігіндегі жүктер (069), су көлігіндегі жүктер (070), әуе көлігіндегі жүктер (071), автомобиль көлігі жүктер (090) киім (070) оның ішінде: терілер (073), бас киімдер (074), сөмке (портфель) (075), киім, аяқ киім (076), жолаушылардың киімдері (киелген киімдер) (078), барсетка (080) қару (080) оның ішінде: оқ ататын қару (081), травматикалық, пневматикалық қару (082), оқ-дәрі (083), жарылғыш заттар ақша (085) оның ішінде: валюта (086), бағалы қағаздар (087), салықтар мен міндетті төлемдер әскери бөлімшелері және мекемелердің мүлкі (090) оның ішінде: әскери техника (090) басқалар (090) оның ішінде: хабарлау жолдары (092), электр энергиясы (093), зияткерлік меншік объектілері (094), адамның ағзалары мен (095) .

32.1 Қолсұғушылық бұйымының меншіктігі: мемлекеттік (01), ұжымдық (02), кооперативтік (03), акционерлік (04), қоға ұйымның (05), шетелдің қатысумен бірлескен (06), шетелдік фирманың (07), дербес (08), жеке (09).

33. Саралау бойынша қосымша белгілер: өз-өзіне қол жұмсау (суицид) (01), өз-өзіне қол жұмсау талпынысы (02), танылмай (03), күш көрсету арқылы өлтіру белгілері жоқ мәйіт (04), хабар-ошарсыз кеткендерді тіркеу (05), сапасыз өнімнен улану (06), дәрі-дәрмекпен улану (07), алкогольмен улану (08), жазатайым оқиға (09), қалта ұрлығы (10), өрт контрабанда: есірткі заттарын, прекурсорларды, улы заттарды (12), радиобелсенді заттарды (қалдықтарды) немесе ядр материалдарды (13), жарылғыш заттарды, қарулануды, әскери техниканы, қаруды, оқ-дәрілерді (14), жаппай жою қаруын үшін қолданылуы мүмкін құрылғы материалдарын немесе компоненттерді қылмыстық құқық бұзушылық экономикалық ретінде тіркелді

33.1 Қосымша мәліметтер: апат (01), соғыс техникасымен байланысты (02), арнайы техникасымен байланысты (03), қа абайсыз ұстау (04), жарылғыш затты абайсыз ұстау (05), электр тоғымен зақымдау (06), төмен температуралардың әсері өкімдегі шектеу (08), есірткімен байланысты (09), тапсырыс бойынша (12), күш қолданумен (13), есірткі құралдарын ө мақсатында немесе өткізу (14), азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзумен байланысты (15), әлеуметтік алауызд тудырумен байланысты (20), ұлттық алауыздықты тудырумен байланысты (21), рулық алауыздықты тудырумен байланысты нәсілдік алауыздықты тудырумен байланысты (23), діни алауыздықты тудырумен байланысты (24), қоғамдық тәртіпті бұзға , жасырын цех (26), ескерілмеген өнімді өндіру және (немесе) өткізу (27), жасырын казино (28), жасырын онлайн-казино ойын автоматтары залы (30), кіші - мұнай өңдеу заводтары (МӨЗ) (31), мұнай терминалы (32), шетелден кіргізілген

33.2 Қылмыс анықталды: аналитикалық мәліметтерді қолданумен (01), тергеу қызметінің итін пайдаланумен

33.3. Экономика саласында: даму институттары және ұлттық компаниялар қаржыландыратын мемлекеттік, салалық және да материалдарды жүзеге асыру (01), квазимемлекеттік сектор (02), Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөл бюджеттік қаражаттарды шығындау (03), бюджеттік ая (04), мемлекеттік сатып алулар (05), мемлекеттік материалдық резерв , қосылған құнға салынатын салықты заңсыз қайтару (ҚҚС) (07), агроөндірістік кешен (08), ауыл шаруашылығы өнімдері балықты өндіру және ұқсату (10), денсаулық сақтау (11), құрылыс (12), мемлекеттік бағдарлама бойынша үй салу (13), ұл құрылыс (14), әлеуметтік қамсыздандыру (15), білім беру (16), мәдениет (17), зейнетақылық жүйе (18), сақтандыру (19), с

салу (20), жер қатынастары (21), экология (22), мемлекеттік сектордың өзге де объектілері (23), қаржылық-несиелік жүйе екінші дәрежелі банк (25), екінші дәрежелі банктердің филиалдары (26), микронесиелік ұйым (27), ломбарттар (28), бирж жүйе (29), өндіріс (30), энергетика (31), жанармайлық кешен (32), мұнайды және мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және өткізу металлургия (34), жер астын пайдалану (35), шикізат (36), құнды металдар мен тастарды өндіру және өңдеу (37), бұқар ақпарат құралдары (38), байланыс (39), әскери объектілер (40), тауарларды өндіру аясында (41), дәрілерді өндіру (42), қызм аясында (43), сауда (44), алкогольдік өнімдердің заңсыз айналымы (45), ойын бизнесі (46), контрафактілік өнім өндіру аяси 47), жоғарғы технологиялар (48), құрылыс материалдарын өндіру (49), көлік және коммуникация аясында (50), халықтық тұ тауарлары (51), тұрмыстық қызмет көрсету аясында (52), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (53), шағын бизнес (54), бизнес (55), ірі бизнес (56) шетелдік инвестициялар құралдары (57), қоғамдық қор (58), қауымдастық (одақ) (59), бірлестіктер (60), автомобиль жолдарын салу (61), өзге

34. Мыналар арқылы жасалды: балаларды тартып алу (01), ересектерді тартып алу (02), еркін қолжетімділік (03), күш қол арқылы (04), кілт таңдаумен (05), есікті сындырумен (06), алдаумен (07), параға сатып алумен (08), айдап кетумен (09), ваг контейнерді сындырумен (10), пломбаны үзу (11), желкөз арқылы кіру (12), сындыру (13), талқандау (14), сығу (15), ж көтеру (16), балкон арқылы (17), сейфті бұзу (18), қару қолдану қатерімен (19), өртеу (20), интернетті қолданумен телефондық алаяқтықты қолданумен (28), автомобиль агрегаттарының (қозғалтқыштарының) нөмерлерін қиратумен (29), а у ы с т ы р у м е н (3 0) , қ и ы л ы с у м е н (ұрлықтар: бөлшектенген көлік құралдарын (34), ұрлықтар: сөмкелерден

34.1 Мыналарды қолдану арқылы жасалды: қару: соңын ішінде суық (01); электрлік (02); пневматикалық (03); лақтыру (04); қаруы (05): соңын ішінде кесу қаруы (06), тегіс ұңғылы қару (07), ұңғысыз атыс қаруы (08), газ (09): соңын ішінде жақ салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруы (10), кустарлық өндірістік атыс қаруы (11); тіркелмеген қару ; азаматтық тіркелген қаруы (13); қызметтік тіркелген қаруы (14); жауынгерлік қол атыс қаруы (15), оқ-дәрілер (16); жары заттар (17): соңын ішінде миналар (18), гранаттар (19), жасанды жарылғыш құрылғылар (20); жарылғыш заттар (21): с ішінде өндірістік (22), қолдан жасалған (23), бұзу қаруы (24), техникалық құралдар (25); көлік (26), химиялық құралдар соңын ішінде уландыратын (28), психотроптық заттар (29), компьютерлік техника (30), бағдарламалық құрал (31); магн тасушылар (32), жалған несиелік авизо (33); өзге де бейімді заттар (34);), құрал-саймандар (35); бүркемелеу құралдары құжаттар (37); газкескіштер (38).

35. Келтірілген залал сомасы: _____ теңге

Мемлекетке залал: _____ теңге

Заңды тұлғаларға залал: _____ теңге

Жеке тұлғаларға залал: _____ теңге

36. Ескертпе

Ескертпе сипаттамасы

3 7 . Л а у а з ы м д ы а д

38. Хабарлама жіберілген прокуратураның а

Тіркеу күні _____ Түзету күні _____

Есепке алу түрі: есепке алу (1), СДТБТ-да қайталап тіркелуге байланысты алынып тасталды (2), ақталуға немесе акта негіздер бойынша сот қысқартқанға байланысты алынып тасталды

СДТБТ қайта тіркеу нөмірі _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 0 т а м ы з д а ғ ы

№ 99 бұйрығына 4-қосымша

Қ ы л м ы с т ы қ қ ұ қ ы қ б ұ з у ш ы л ы қ т у р а л ы

а р ы з д а р м е н х а б а р л а р д ы қ а б ы л д а у

және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі
тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін
жүргізу қағидаларына 12-қосымша
Нысан

СДТБТ бойынша шешім

Е-2 нысаны

1.	С Д Т Б Т						н ө м і р і _____	
2.	Тергеп-тексеру органының атауы _____							
3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысаны: тергеу (01), анықтау (02), ҚР ҚПК 189-бабы 3-бөлігі тәртібінде тергеу (03), ҚР 189-бабы 5-бөлігі тәртібінде (04), ҚР ҚПК 189-бабы 4-бөлігі тәртібінде анықтау (05), хаттамалық нысан (08), ҚР ҚПК 528-бөлігі 3)-тармағы тәртібінде анықтау (09), ҚР ҚПК 528-бабы 3-бөлігі 3)-тармағы тәртібінде тергеу (10), ҚР ҚПК 529-бабы 3-тармағы тәртібінде анықтау (11), ҚР ҚПК 529-бабы 6-бөлігі 3-тармағы тәртібінде тергеу (12).								
4.	С Д Т Б Т						б о й ы н ш а	ш е ш
әкімшілік	тәртіпте		шешім		кабылдау		үшін жіберілді ((
тәртіптік	тәртіпте		шешім		кабылдау		үшін жіберілді ((
арызды	жеке	тәртіпте		қарау	үшін	сотқа	жіберілді ((
ҚР ҚПК	186-бабы	1-бөлігі		1)-тармағы	тәртібінде		жіберілді ((
ҚР ҚПК	186-бабы	1-бөлігі		2)-тармағы	тәртібінде		берілді ((
ҚР ҚПК	186-бабы	1-бөлігі		тәртібінде	Қазақстан Республикадан	тыс жерлерге	жіберілді ((
ҚР ҚПК	188-бабы	2-бөлігі		тәртібінде		жіберілді ((қайта біліктендірілді (0080)	
тапсырылды:	ҚР ҚПК	194-бабы		-	тергеушілер тобына		((
СДТБТ-де	тіркеуден		кейін	өз	өндірісіне		кабылдау ((
ҚР ҚПК	189-бабы	4-бөлігінің		хаттамалық нысандағы	істері бойынша		анықтау белгіленді ((
ҚР ҚПК	189-бабы	5-бөлігінің		анықтау істері	бойынша алдын ала		тергеу белгіленді ((
біріктіру:	ҚР ҚПК		43-бабы		тәртібінде		((
біріктіру:	(СДТБТ-де қайта		тіркеуге	байланысты	ҚР ҚПК	43-бабы	тәртібінде ((
алдыңғы	біріктіруден		бөлу:	ҚР ҚПК	44-бабы		тәртібінде ((
тергеу	мерзімдерін		ұзарту:	ҚР ҚПК	192-бабы		тәртібінде ((
жәбірленушіге	танысуға				жіберілді		((
күдіктіге/қорғаушыға	танысуға				жіберілді		((
шағым	бойынша		прокуратураға		жіберілді		((
шағым	бойынша		сотқа		жіберілді		((
